


«Талғар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәкен Сейфуллин атындағы № 2 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі педагог-ұйымдастырушының 2017-2018 оқу жылының I жарты жылдық бойынша атқарылған жұмыстар бойынша
А Н Ы Қ Т А М А

Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланады. Кезекші сыныптар мектеп дәлізінде кезекшілікті атақарады. Мектеп оқушыларының сырт киімі мен сабаққа кешікпеуі, жеке бас гигиенасы басты назарда. Әр дүйсенбі сайын лездеме өткізіледі. Кезекшілік қорытындысы таныстырылып, хабарландырулар айтылады. Түрлі жарыстарға қатысып орын алып келген оқушылар марапатталады.

Жоспар бойынша 2017 жылы 20 қыркүйекте мектебімізде Жас Ұлан ұйымының Ұланбасының сайлауы өткізілді. Сайлауға 9 Ә сынып Жұмағазы Дамир, 9 Ә сынып Жайлаубаев Азамат, 9 Б сынып Баймуханбетова Айдана, 9 А сынып Акимбеков Давид, 9 В сынып Жанболат Нұрай, 9 А сынып Серікбай Нұрдаулет, 9 Е сынып Нүсіпәлі Аяулым өз кандидатураларын ұсынды.





Сайлауға 7-11 сыныптар қатысты. Сайлау комиссиясы құрылып ,шақыру билеттері таратылды. Сайлау қорытындысы бойынша 240 дауыс жинаған 9 Ә сынып оқушысы Жұмағазы Дамир жеңіске жетті.

25 қыркүйекте Жас Ұлан ұйымының Ұланбасын ұлықтау жиыны өткізілді. Жиында мемлекттік ту және Жас Ұлан ұйымының туы енгізілді, Әнұран мен Жас Ұлан ұйымының әні орындалды. Директордың тәрбие –ісі жөніндегі орынбасарлары Рахымов Жандос және Джумакалиева Маржан құттықтау сөз сөйледі . Сайлау қорытындысы бойынша жеңіске жеткен 9 Ә сынып оқушысы Жұмағазы Дамир Жас Ұлан ұйымының Ұланбасы ретінде Ант берді.



Сайлауға қатысқан басқа кандидаттар Жас Ұлан ұйымының секторлары болып сайланды. 9 Ә сынып Жайлаубаев Азамат тәртіп секторы , 9 Б сынып Баймуханбетова Айдана тазалық секторы , 9 А сынып Акимбеков Давид шарушылық секторы , 9В сынып Жанболат Нұрай қыздар ұйымының секторы , 9 А сынып Серікбай Нұрдаулет спорт секторы , 9 Е сынып Нүсіпәлі Аяулым оқу секторы ,10 А сынып Сұлтанбеков Темірлан ұлдар ұйымының секторы, 9 Ә сынып оқушысы Жарилкапов Нұрдаулет Вице –Президент болып тағайындалды. Жас Ұлан ұйымының секторларына директордың тәрбие –ісі жөніндегі орынбасарлары Рахымов Жандос және Джумакалиева Маржан арнайы төсбелгілер тапсырды. Мектебіміз Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазым - ұлағатым ,мақтанышым!» атты мерекелік кинолар шеруі өткізілді. Мектептің акт залы өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің көмегімен кинотеатр үлгісінде безендірілді. Ұстаздарға арнайы шақыру билеті таратылды. Фойеде буфет жабдықталып, ұстаздарға попкорн мен сусындар үлестірілді. Мерекелік іс шараға арнайы сценарий құрылды. 11 сынып оқушылары қатысты. Мерекеге қарт ұстаз-ардагерлер де шақырылды. Мектеп директоры Р.Т.Укеева құттықтау сөз сөйлеп, сыйлықтар тарту етті. Мерекелік бағдарлама барысында оқушылар ретро- фильмдерден үзінділер көрсетті. 1980 жылдардағы әндер орындалып, билер биленді. Ұстаздарға былтырғы оқу жылында «Алтын белгімен» бітірген оқушылар және 11 сынып оқушылары видео арқылы құттықтау тілектерін жолдады. Сахна мәдениеті мен эстетикалық талап қатаң назарда болды. 11 сынып жетекшілері мен оқушылары үлкен жауапкершілікпен қатысып, мерекенің жоғары дәрежеде өтуіне ат салысты. Музыка пәні мұғалімі Базарбаев Еламан музыкамен өте сапалы әрледі. Меркелік шара көптің көңілінен шығып, жоғары дәрежеде өтті деп бағаланды.

1-11 сыныптар «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын жандандыру мақсатында жеке жұмыс жоспары жасалып, жұмыс жүргізілуде. 13 қазан Талдықорған қаласында рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттық тәрбиелеу контекстінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілген «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының облыстық бірінші слетіне мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары Нургелдиев Ансар, Әшім Ербол, Шалтаева Еңлік, Жанабатыр Қуаныш, Арипбай Қуаныш, Алимова Томирис, Асылбекова Айдана, Талапбаев Нұрхат «Прасат» тобының мүшелері Талғар ауданының намысын қорғап «Үздік эмблема» және «Үздік спикер» номинацияларын иеленді. Талапбаев Нұрхат «Жетісу» телеарнасының журналистерімен сұхбаттасты. 16 қазан күні кешкі жаңалықтарында телеарнадан көрсетті.



2017 жылдың 13 қазанында өткен Талдықорған қаласындағы облыстық «Адал ұрпақ» еріктілер клубының бірінші слетіне «Парасат» тобының мүшелері қатысты



Біздің ойымша, Қазақстанның болашағында білім - әлемдік, тәрбие – ұлттық болады. Егер елбасының кешегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы құндылықтар жүйесі түбегейлі орындалар болса, ұлттық код, бүгінгі жастар, біздің, санамызға енеді деп ойлаймыз.



«Парасат» тобы слетке белсене қатысып «Үздік эмблема» және «Үздік спикер» номинацияларын жеңіп алып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төсбелгісімен марапатталды.



Алматы облысының «Нұр Отан» партия филиалының ұйымдастыруымен Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жерім» байқауына 11 а сынып оқушысы Кембаева Тоғжан «Шағын Отан неден басталады?» номинациясы бойынша ІІІ орын иеледі.



Мектебімізде жоспар бойынша 25–27 қазан аралығында «Маужырап барқыт қоңыр күз» сайысы өткізілді. Мектептің акт залы өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің көмегімен тақырыпқа сай безендірілді. Сайыс «Таныстыру.» «Өз өнерін көрсету» «Сұрақ-жауап» «Күз сыйы» «Күзгі киім үлгісі» деген кезеңдерден тұрды. Оқушылардың өнерін бағалайтын әділ –қазы құрамында музыка пәні мұғалімі Малдыбалаева А. АӘД пәні мұғалімі Уразбекова Э. Орыс тілі пәні мұғалімі Исаева А. бастауыш сынып мұғалімі Нұрсейітова Ж. болды. 5,6 сыныптар арасында сайыс өте тартымды өтті. Қатысушылар өте жақсы дайындалған. 8 сыныптар нашар дайындықпен келген. 9 сыныптар жақсы дайындалған. Экибана боцынша 5 сыныптар ерекше жұмыстар көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар мен номинациялар белгіленіп, мақатау қағаздары лездемеде берілді. Жарыста 5 сыныптар бойынша бас жүлдені 5в,е сыныбы, І орын 5 Ж,3, ІІ орын 5Ә, Д, ІІІ орын 5 А сыныптары алды. 6 сыныптар бойынша бас жүлдені 6 З сыныбы,

I орын 6 А,Ә, II орын 6 Г,Д,Е, III орын 6 Б,В сыныптары алды. 7 сыныптар арасында бас жүлдені 7 Е сыныбы, I орын 7 В, II орын 7 Ә,З, III орын 7 А,Д сыныптары алды. 8 сыныптар бойынша бас жүлдені 8 в сыныбы, I орын 8 Г,Д, II орын 8А,Е, III орын 8 Ж сыныптары алды.

9 сыныптар бойынша бас жүлдені 9 Ә сыныбы, I орын 9 А, II орын 9Б,Е, III орын 9 В сыныптары алды. 10сыныптар арасында бас жүлдені 10Асыныбы, I орын 10Ә, II орын 10 В, III орын 10 Б сыныптары алды. 10 сыныптар арасында «Күзгі бал» өтті. Оқушылар балға испан, қазақ, француз, түрік халықтарының ханзадасы мен ханшайымдары ретінде қатысты. Осы ұлттардың салт-дәстүрі мен мәдениеті, өнері бойынша күш сынасты. Сахна мәдениеті мен эстетикалық талап қатаң назарда болды.



Талғар қаласының №36 орта мектеп базасында өткен «Берекелі күз» аудандық ән-би байқауына 5 ж сынып оқушылары Байдулла Алихан мен Мурат Аруна би номинациясы бойынша қатысып ІІІ орын иеленді. Жетекшілері музыка пәнінің мұғалімі А.Малдыбалаева.



Қазан айында мектеп көлемінде ұлдар және қыздар жиналыстары өтті





Мектепшілік «Сұңқар» ұлдар клубының жетекшісі Отарбаев Арман және «Қызғалдақ» қыздар клубы жетекшісі Уразбекова Эльмира жиналыстың күн тәртібінде оқушыларды мектептің ішкі Ережесімен таныстырды. Сыртқы форма үлгісін сақтау, жеке бас гигиенасын сақтау туралы мәселелер көтерілді. Сабақтан себепсіз қалушылар да назардан тыс қалған жоқ. Әр сыныптың Ұлдар және Қыздар секторы өз сыныбы туралы есеп өткізді.

Мектеп оқушылары аудандық іс-шараларға да үнемі қатысады.



10-9 сынып оқушыларынан құралған КТК Жайдарман командасы 24 қарашада Қызыл қайрат ауылының Мәдениет үйінде Талғар аудандық прокуратурасы мен

ішкі істер басқармасы ұйымдастырған «Біз -болашақ жастары» атты сайысына қатысып ,3 орынға ие болды . Марапат қағазы мен кубокпен марапатталды.

28 қарашада 9 сынып оқушылары Қызыл қайрат ауылының Мәдениет үйінде өткен Тәуелсіздік мерекесіне арналған флешмоб би байқауына қатысып,3 орынға ие болды.5 сынып оқушылары 8 желтоқсан күні Агорбизнес және менеджмент колледжінің Мәдениет үйінде өткен Жаңа Жылдық шырша мерекесіне орай өткізілген флешмоб би байқауында 2 орынға ие болды. Марапат қағазы мен кубокпен марапатталды.



Тәуелсіздік мерекесіне орай 15 желтоқсан күні Жас Ұлан және Жас Қыран қатарына озат оқушыларды қабылдау шарасы өткізілді. 5 В сынып оқушысы Ғалымқызы Мөлдір Жас Ұлан ұйымының Антын жатқа оқыды.





2 сыныптардың озат оқушылары Жас Қыран қатарына қабылданды. Жиында Жас Ұлан ұйымының мақсаты мен міндеті, атрибуттары туралы слайд көрсетілді. Жас Ұлан ұйымының Ұланбасы Жұмағазы Дамир және ұйымның белсенді мүшелері Жас Ұлан қатарына қабылданушыларға төсбелгі тапсырды.





Желтоқсан айының 25-28 аралығына Жаңа Жылдық шырша меркесіне арнайы іс-шара жоспары жасалып ,бекітілді.Жас Ұлан ұйымының мүшелері музыкамен әрленген мерекелік сценарий дайындады. Мерекелік кейпкерлердің костюмдері әзірленді. Мектептің спорт залы мерекеге арнайы безендірілді.Шырша мерекесінің кестесі бекітіліп,іс –шара кестеге сәйкес жүргізілді. Мерекеге әр сынып музыкалық номер дайындап әкеліп, мейрам ажарын аша түсті. 5-8 сыныптар Жаңа Жыл мерекесіне қабырға газеттерін шығарды. Бастауыш сынып оқушылары Аяз Ата мен Ақшақарға өнерлерін көрсетіп ,сыйлықтарын алып қуанышқа бөленді.

2017-2018 оқу жылының I жарты жылдық бойынша жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілді.

